

"2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 33-339қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы № 33-1057қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 10 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 656 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 06-178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 06.02.2012 N 06-178 қаулысымен (қаулының мемлекеттік тілдегі мәтіні РҚАО-ға түспеген).

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 33-339қ қаулысына (Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 мамырда № 626 болып тіркелген; 2010 жылғы 20 мамырдағы № 52 "Астана ақшамы" газетінде және 2010 жылғы 25 мамырдағы № 59 "Вечерняя Астана" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

Алматы ауданы шақыру комиссиясының құрамына:

Қасымов Руслан Саттарұлы – Астана қаласы Алматы ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы төраға болып;

Әбутәліпов Серік Махреддинұлы – Астана қаласы Алматы ауданы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары;

комиссияның көрсетілген құрамынан А.Б. Байдәулетов, У.К. Қуандық шығарылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

Сарыарқа ауданы шақыру комиссиясының құрамына:

Ахметов Төлеген Онашбайұлы – Астана қаласының Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының басшысы төраға орынбасары болып;

Бекмағамбетов Ермахан Алдашұлы – Астана қаласы Сарыарқа ауданының ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары;

комиссияның көрсетілген құрамынан И.И. Зикенов, Н.Х. Шаймұханов
шығарылсын.

2. "Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік
мекемесі осы қаулыны Астана қаласының Әділет департаментіне мемлекеттік
тіркеуге ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап
күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

Әкімнің орынбасары

В.Л. Крылов

Мемлекеттік-құқықтық

бөлімінің меңгерушісі

Ж.Б. Ертаев

"Астана қаласының Жұмылдыру
дайындығы, азаматтық

қорғаныс, апаттардың және

дүлей апаттардың алдын алуды және

жоюды ұйымдастыру жөніндегі

басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Т.Ө. Ермаков

2010 жылғы 8 қараша

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Астана қаласының Ішкі

істер департаменті" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

М.Ғ. Демеуов

2010 жылғы 8 қараша

"Көліктегі орталық ішкі
істер департаментінің Астана

станциясындағы желілік ішкі

істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

М.Қ. Жұмабаев

2010 жылғы 8 қараша

"Астана қаласының Қорғаныс
істері жөніндегі департаменті"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б.Ә. Мұхамеджанов

2010 жылғы 8 қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК